Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Стандарттау,
метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік
даму комитеті
Қазақстан Республикасы Экономикалық интеграция істері жөніндегі министрлігі
«Kaznex invest»
Экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі
«Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамы
Қазақ теледидары мен радиосының камералық оркестрі
«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы
Қазақтың республикалық мемлекеттік «Гүлдер» эстрадалық жастар ансамблі
Қазақ ұлттық аграрлық университеті
Халықаралық студенттер күні (17 қараша)
Халықаралық тау күні (11 желтоқсан)
Халықаралық театр күні (27 наурыз)
Халықаралық темекіден бас тарту күні (19 қараша)

XVI Дәуір, кезең, мәдениет, тарихи оқиға атаулары

Австрия-Италия-Франция соғысы (1859)
Айқыш жорықтары (1096-1270)
Ақмола көтерілісі (1916)
Ақ Орда (13-15 ғ.)
Ақпан төңкерісі (1848)
Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама (1723-29)
Алашорда үкіметі (1917-1920)
Алқызыл Роза мен Ақ Роза соғыстары (1445-85)
Алтын Орда (13-15 ғ.)
Андронов мәдениеті (б.з.б. 2-1 ғғ.)
Аңырақай шайқасы (1727)
Асан көтерілісі (1930)
Асы көтерілісі (1916)
«Ашық есік» доктринасы (1899)
Баку Коммунасы (1918)
Балқаш шайқасы (1929)
Барбаросса жоспары (1941)
Беғазы мәдениеті (б.з.б. 9-8 ғ.)
Берлин операциясы (1945)
Брест бітімі (1918)
Брест қорғанысы (1941)
Білге қаған ескерткіші (ҮІІІ ғ.)
Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-18)
Варшава шарты (1955)
Вена конгресі (1914-15)
Венгриядағы керітөңкерісшіл бүлік (1956)
Гусшілдердің төңкерісшіл қозғалысы (1914-34)
Доғал шайқасы (1917)
Египет экспедициясы (1798-1801)
Екінші дүниежүзілік соғыс (1939-45)
Есік обасы (б.з.б. 5-4 г.)
Есім ханның ескі жолы (1598-1645)
«Жалаңаяқтар» (1639)
Жангелдин экспедициясы (1918)
Жәңгір мектебі (1841)
Желтоқсан көтерілісі (1986)
Жеті жарғы (17-18 ғ.)
Жетіжылдық соғыс (1756-63)
Жеті қожа көтерілісі (1846-47)
Жетісу көтерілісі (1916)
Жоңғар хандығы (1635-1758)
Жүзжылдық соғыс (1337-1453)
Жүз күн (1815)

Жүзкүндік реформа (1898)
«Жүз тоқсан үш адам процесі» («Үлкен процесс»), (1877)
Исатай-Махамбет көтерілісі (1836-1838)
Келтеминар мұнарасы (б.з.б.4-3 мыңжылдық)
Кемалшылар төңкерісі (1918-22)
Кенесары көтерілісі (1841-46)
Коломбо жоспары (1950)
Куба төңкерісі (1959)
Куликов шайқасы (1380)
Курск шайқасы (1943)
Күлоба (б.з.б. 4 ғ.)
Күлтегін тас жазуы (ҮІІІ
ғ.) Кіші Ноғай ордасы (16
ғ.)
Қазақ-жоңғар соғыстары (15-18 ғғ.)
Қазақ Ордасы (15 ғ.)
Қазақстандағы мәдени төңкеріс (1921)
Қазақстанның Ресейге қосылуы (1730)
Қазан қастандығы (1863)
Қазан төңкерісі (1917)
Қазан хандығы (1438-1552)
Қайта өркендеу (ренессанс) (14-16 ғ.)
Қалмақ хандығы (1771)
«Қанды жексенбі» (1905)
Қарқара жәрмеңкесі (Қоянды жәрмеңкесі)
«Қасиетті одақ» (1815)
Қасым хандығы (1511 -23)
Қасымханның қасқа жолы (1511-23)
Қимақ мемлекеті (9-11 ғ.)
Қиыр Шығыстық комиссия (1945)
Қоқан хандығы (1710-1876)
Құба қалмақ заманы (Жоңғар мемлекеті)
Құдырғы қорымы Құлжа жолы (19-20 ғ.)
«Қызылқастылар» көтерілісі (17-27)
Қырым конференциясы (1945)
Қырым операциясы (1944)
Қырым соғысы(1853-56)
Қытайдағы ұлттық төңкеріс (1925-27)
Маусым төңкерісі (1830)
Маусым дағдарысы (1917)
Маңғыстау көтерілісі (1870)
Мамания мектебі (1899)
Мартин декларациясы (1918)
Мәңгі бітім (1686)
Мексика экспедициясы (1861 -67)
Моғолстан (15-16 ғ.)

Мәскеу шайқасы (1941 -42)
Ноғай ордасы (14 ғ.)
Онұшжылдық соғыс (1454-66)
Орбұлақ шайқасы (1643)
Орхон-Енисей жазулары (XIII ғ.)
«Он сегізінші брюмер» (1799)
Орыс-жапон соғысы (1904-1905)
Орыс-иран соғысы (18-19 ғ.)
Орыс-түрік соғыстары (17-19 ғ.)
Орыс-француз одағы (1891-1917)
Орыс-швед соғыстары (17-19 ғ.)
Отызжылдық соғыс (1618-48)
Отызыншы мамыр қозғалысы (1925)
Осман империясы (17-19 ғ.)
Отырар қорғанысы (1219)
Париж бейбітшілік шарты
(1947)
Париж бітім конференциясы (1919-20)
Париж келісімі (1954)
Париж Коммунасы (1871)
Пенсильвания кеншілерінің ереуілі (1902)
Першинг экспедициясы (1916-17)
Потсдам декларациясы (1945)
Потсдам келісімі (1911)
Прага операциясы (1945)
Балтық елдері стратегиялық операциясы (1944)
Пугачев бастаған шаруалар соғысы (1773-75)
Пульман ереуілі (1894)
«Сарыорамалдылар» көтерілісі (184-204)
Сарысу-Созақ көтерілісі (1930)
Севастополь қорғанысы (1941)
«Сицилиялық кешкі жиын» (1282)
Смоленск операциясы (1941)
Солтүстік жорық (1926-27)
Солтүстік соғыс (1700-21)
Кеңес-Қытай жанжалы (1929)
Сталинград шайқасы (1942-43)
Стахановшылар қозғалысы (1930)
Столыпиннің аграрлық реформасы (1906)
Сырдария көтерілісі (1916)
Сырым Датұлының көтерілісі (1783-1797)
Сібір хандығы (15 ғ. аяғы)
Үлкен ноғайлы (16 ғ.)
Ташкент декларациясы (1966)
Тевкелев комиссиясы (1755)
Тегеран конференциясы (1943)

Тонькөк жазуы (ҮШ ғ.)
Термидорлық төңкеріс (1794)
Торғай көтерілісі (1916)
«Төртінші май» қозғалысы (1919)
Төрттік келісім (1915)
Төрттік одақ (1915)
Төрттік пакт (1933)
Төте жазу (1926)
Трумэн доктринасы (1947)
Түркістан легионы (1941)
Ұлы жүздің Ресейге қосылуы (1734)
Ұлы жүт
Ұлы Жібек жолы (б.з.б. 2-16 ғ.)
Ұлы моғолдар әулеті (1526-1858)
Ұлы нәубет
Ұлы Отан соғысы (1941 -45)
Ұлы соғыс (1409-11)
Ұлы сүргін (4-7 ғ.)
Ұлы француз төңкерісі (1789-94)
Ұлы шаруалар соғысы (1524-26)
Үлкен ноғайлы (16 ғ.)
Үш императордың одағы (1873, 1881, 1884)
Үшінші маусым көтерілісі (1907)
Үшінші республика (1870)
Үштік одақ (1882)
Хиуа хандығы (16-20 ғ.басы)
Шакпақ ата қорымы (10-19 ғ.)
Ыбырай мектебі (1850)
Ішкі Орда (Бөкей хандығы) (19 г.)
Ясы-Күлтөбе (IV-V ғ.ғ.)

ҚОСЫМШАДАҒЫ БАС ӘРІП ЕМЛЕСІНІҢ ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕСІ

1. Ертегі, миф, аңыз, әпсана кейіпкерлерінің есімдері бас әріппен жазылады (мұның ішіне мал, құс, ит т.б. аттары кіреді).

2. Мифологиялық, қиял-ғажайып бейнелердің тегін, затын білдіретін атаулар кіші әріппен жазылады: *пері, ібіліс, періште, шайтан, дию* т.б.

3. Әрбір бөлігі жеке-дара атау ретінде қолданыла алатын кешенді атаулардың (көбіне бір сыңары жалқы есім боп келеді), жігі айқын көрініп тұрған жағдайда екі бөлігі де бас әріппен беріледі (*Жерден шыққан Желім батыр; Бозатты Боран батыр*).

4. Күрделі-құрама жалқы атаудың құрамындағы тұрақты эпитеттер жалқы есімнің алдынан келсе, бас әріппен, соңынан келсе, кіші әріппен бөлек жазылады (*Ақсақ Темір, Қайңы сопы*). Жеке тұрып кісі есімі бола алмайтын сөздерге тіркескен *ата, ана, бике, бала, баба, шал, қожса, батыр* т.б. сыңарлары бірге жазылады (*Майлықожса, Хауана* т.б.).

5. Титулды білдіретін сөздер жалқы атаудың алдынан келсе, бас әріппен, соңынан келсе, кіші әріппен жазылады (*Әмір Темір, Ағатай хазірет*).

6. Араб, түрік, парсы тіліндегі адам аттарында қалыптасқан, кісінің әлеуметтік тегін, туыстық қатынасын, тұрған жерін білдіретін- құрама сөздер мен көмекші сөздер (*ас, бей, тегін, зада, аң, паша, ат, әл*) кіші әріппен дефис арқылы ажыратылып жазылады (*Ұлық-зада, Рашид-ад-дин, әл-Фараби, Мұхаммед ан-Насави, Жалел-ат-Дин, Қазы-заде-ар-Руми* т.б.). Кейбір көмекші сөздермен (*ибн, әбу*) келген шығыстық кісі есімдері күрделі-құрама атаулардың құрамында келіп және сөз басында орналасса, құрамындағы көмекші сөздер бас әріппен дефиссіз беріледі (*Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина атындағы..., Ибн Рушдтың «ғарыштық парасат» атты теориясы* т.б.). Күрделі-құрама атаулар жасайтын кейбір көмекші сөздер (*ат, ас, әл*) сөз басында келсе, бас әріппен, сөз ортасында келсе, кіші әріппен, дефис арқылы жазылады (*Әл-Фараби даңғылы, Ат-Тарази кәсіпорын бірлестігі; Балалар аурулары институты әл-Фараби даңғылында орналасқан*).

7. Рудың аты жалқы есімнің алдынан келетін тұрақты эпитеттің орнында жұмсалса, бас әріппен жазылады (мыс.: *Қызылқұрт Теке би, Қаракерей Қабанбай*).

8. Найман, керей, албан, арғын, адай, қыпшақ, үйсін т.б. рулардың ішкі жіктерін көрсететін атаулар, мысалы, *Сары үйсін, Даулеталы жары, Ұзынқыпшақ, Көлденең қыпшақ т.б.* жалқылық сипаты басым болғандықтан, бірінші сөзі бас әріппен жазылады.

9. Орта жүз, Кіші жүз, Ұлы жүз атаулары рулардың тегін емес, ұлыстық ұғымды білдіріп тұрғандықтан бас әріппен беріледі (сонымен бірге: *Орта жүз арғын, Кіші жүз әлім т.б.*).

10. Осы күнгі кісі есімдеріндегі қосымшалар (*хан, бек, зада, бай, т.б.*) титулды білдірмейді, сондықтан жұрнақ есебінде жұмсалады да, кісі есімімен бірігіп жазылады (*Батырхан, Тұрсынзада, Бекзада, Ағылбек, Бекарыс*).
11. Жер-су атауларының ішіндегі географиялық терминдер кіші әріппен, ал атаудың құрамындағы жалқы есім мен бірінші тұрған сөз бас әріппен жазылады (*Әулие Лаврентий өзені*).
12. Күрделі жер аттарының бірінші сыңары болатын тұрақты анықтауыштар бас әріптен басталып, бөлек жазылады (*Ақ Ертіс, Қара Ертіс, Кенді Алтай*).
13. *Халықаралық, дүниежүзілік, бүкілдүниежүзілік, бүкіләлемдік, әлемдік, мемлекетаралық, азиялық, америкалық, республикалық, қазақ ұлттық т.б.* тірек сөздер күрделі-құрама атаудың басында келсе, бас әріппен, ортасында келсе, кіші әріппен жазылады (*Халықаралық өмірбаян орталығы, Шығыс елдері халықаралық сәулет академиясы*).
14. Екі күрделі-құрама атау тіркесіп келген жағдайда екінші атаудың басында тұрған тірек сөз кешенді атаудың ортасында тұрғанына қарамастан бас әріппен жазылады (*Қазақстан Республикасы министрлігі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты*).
15. Тірек сөздердің бірнешеуі атау ішінде қатарласа келсе, біріншісі ғана бас әріппен жазылады (*Қазақ ұлттық университеті*).
16. Екі немесе үш күрделі-құрама атау тіркесіп келген кешенді атауларда ірі және кіші нысаналардың аттары бас әріппен беріледі (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Тіл мәдениеті бөлімі*).
17. Кешенді атаудың ішіндегі жалқы есім қай тұста тұрғанына қарамастан бас әріппен беріледі (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*).
18. Жалпы жұртшылық қабылдаған, дәстүрлі қысқартуларда алдымен қысқарту, содан кейін жақша ішінде толық нұсқасы беріледі (*АЕК- Айлық есептеу көрсеткіші*).
19. Жоғары дәрежелі мемлекеттік марапаттар мен атақтар, кейбір символдық мәні бар ордендер мен медаль аттары тырнақшаға алынып жазылады. Тырнақша ішінде атаудың бірінші сөзі ғана бас әріппен беріледі («*Алтын қыран*» ордені). Мемлекет атымен аталатын орден, медаль, сыйлық аттары тырнақшаға алынбайды (*Кеңес Одағының Батыры*).
20. Қалалық микротопоним атауларына сәулет, мемориалдық ғимарат, алаң, кешен, мәдениет үйі, сауықтыру орындары, мәдени мекемелер мен ойын-сауық көрсететін орындардың т.б. аттары кірді. Қосымшада үлгі ретінде Алматы қаласының нысандары ғана қамтылды. Микротопоним атаудың

бірінші сөзі бас әріппен, қалғандары кіші әріппен жазылады. Егер атау құрамында жалқы есім кездесетін болса, ол бас әріппен беріледі.

21. Мерекелер мен атаулы күндердің тобына бүкілдүниежүзілік және халықаралық, ұлттық мерекелердің аттары кіреді.

22. Планеталардың, шоқжұлдыздардың, жұлдыздардың ғылыми және халықтық атауларының бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады (*Қамбар тоғысы, Таразы*). Екі түбірден бірігіп жасалған атаулар қосылып жазылады (*Темірқазық*). Екі немесе одан да көп сөз тіркесіп келген атаулардың әр сөзі бөлек, бірінші сөзі бас әріппен жазылады (*Көгалдаймергеннің көк шақпағы*).

23. Қосымшада жалпыхалықтық, ұлттық мәні бар тарихи оқиға, ескерткіш т.б. аттары ғана қамтылады (*«Ашық есік» доктринасы, Ұлы сүргін, Ұлы жұт*). Ауыс мағынада қолданылатын кейбір тарихи оқиға, ескерткіш аттары тырнақшаға алынады (*«Сарыорамалдылар» көтерілісі*). Тарихи оқиға, ескерткіш, құжат т.б. аттарынан кейін шартты түрде жақша ішінде болған жылы не өткен ғасыры көрсетілді (*Асы көтерілісі (1916), Күлтегін тас жазуы (VIII ғ.)*).

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ НЕГІЗГІ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

I. ӘРІПТЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

Дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуы

§ 1. **а, ә, е, о, ө, ү, ұ, ы, і, э** әріптері жалаң дауыстылардың, ал **ё** (йо), **и, у, ю, я** әріптері **йо, ый, ій, үу, ұу, йұу, йуу, йа** деген қосынды дауыстылардың да (мысалы: *актёр, жи, ки, жиын, жиі, су, шумақ, күту, кету, аю, кею, ядро, саясат*), кірме сөздерде жалаң дауыстылардың да таңбасы ретінде (мысалы: *слёт, кино, бюджет, отряд*) жұмсалады.

§ 2. **а, е, ы, і** әріптері сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: *ал, қала, шағала, ер, ересек, ыс, бақытты, айыр, қатысты, қорыту, құмырсқа, жапырақ, іс, білімді, көкірек, үкімет, әсіресе, мәжіліс*.

Ескерту. а) Сөз басындағы **ж, ш** дыбыстары мен **й** дыбысының ортасында келген **а** дыбысы көбінесе жіңішке **ә** болып айтылады, бірақ **а** әрпі жазылады. Мысалы: барлық мағынадағы *жай* сөзі және оның туынды түлғалары (*жай* сөйлем, *жайыңа* жүр, *жай* түсті, дастарқан *жайды*, *жайғызу*, *жайбарақат*, *жайдан-жай*, *жай-жапсар*, *жай-күй*, *жайлы* орын, *жайсыз* тию, *жайлап* айту), *шай* (*шай* іш, *шайға* кел), *шайы* (*шайы* орамал);

ә) Сөздің алғашқы буынындағы не алдыңғы буындарындағы жіңішке дауыстылардың әуенімен келесі буында жіңішке айтылатын (естілетін) **ә** дыбысының орнына **а** әрпі жазылады: *ләззат* (айтылуы - *ләзәт*), *рәсуа* (айтылуы - *рәсуә*), *Жәмила* (айтылуы - *Жәмилә*), *Фәрида* (айтылуы - *Фәридә*), *тәкаппар* (айтылуы - *тәкәппар*),

§ 3. **ә, о, ө, ү, ұ** әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында жазылады. Мысалы: *ән, әнші, сән, дәлел, дәрігер, орын, жолаушы, өлең, көлем, көбелек, төртеу, ұлы, құлын, үндеу, үтік*.

Бұл әріптер біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сыңарларының басқы буындарында да жазылады. Мысалы: *Есенәлі, дәрі-дәрмек, тәлім-*

тәрбие; Қызылорда, Талдықорған, жөн-жосық, өте-мөте; басқұр, қаламұш, жазғытұрым, кешқұрым, тарс-тұрс; бүрсізүні, еңбеккүн, сайгүлік.

Ескерту. Ә, Ұ, Ү әріптері мына сияқты сөздердің екінші буындарында жазылады. Мысалы: сірә, кінә, күнә, куә, іңкәр, күмән, шұба, замзам, мүсәпір, дүдәмал, Күләш, Күләнда, Мүтән, Күләй; мағлұм, бұлбұл, мақұл, байғұс; мәжбүр, аңғүдік, дүлдүл (бұлар емле сөздіктерінде толық беріледі).

§ 4. **и** әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) орыс тілінен енген түбір сөзде де, туынды сөзде де (әрі қарай «орыс тілінен енген сөздер» дегенде интернационалдық сөздерді де ұғу қажет)

жіңішке естілетін *жалаң и* дыбысының және қазақ тілінде қосарлы ый, ій дыбыстарының таңбасы ретінде **и** әрпі қолданылады. Мысалы: *иіс, иін, ине, имек, илеу, тиын, тиін, қиын, киін, сирек, сирақ, ти, тиімді, тиіс, жиналыс, тарихи, саяси, яғни, ылғи, қағида, ақиқат, Иса, Иманбай, Қали, Әли, Сағира, Қалима, Кәлима, кино, комиссия, идея, иероглиф;*

ә) **я, ю** әріптерінің алдында **ы, і** әріптерінің орнына **и** әрпі жазылады. Мысалы: *тақия, дария, дүрия, сия, қия, мия, Әсия, Ғалия, қию, жию, тию (тиді, тиген).*

Ескерту. Қосарлы ый әріптері тек *сый, тый* сөздерінде (оларға қосымша жалғанғанда да) жазылады. Мысалы: *сыйлық, сыйлау, сыйымды, сыю, сыяды, тыйым, тыйылу, тыю, тыяды.*

б) **йы, йі** дыбыстар тіркесі мен **ы, і** дыбыстарына бітетін етістіктерге көсемшенің **-и** жұрнағы жалғанғанда, соңғы **ый, ій** әріптерінің орнына бір ғана **и** әрпі жазылады. Мысалы: *байы+й+ды - байиды (байыйды, баиды емес), кейі+й+ді - кейиді (кейийді, кеиді емес), оқы+й+ды - оқиды (оқыйды емес), ірі+й+ді - іридi (ірийді емес), суы+й+ды - суиды (суйды емес), мойы+й+ды - мойиды (мойыйды, моиды емес), шірі+й+ді - шіридi (шірийді емес), құры+й+ды - құриды (құрыйды емес);*

в) **и** әріпіне бітетін етістіктерге тұйық райдың **-у** жұрнағы **-ю** түрінде, көсемшенің **-а** жұрнағы **-я** түрінде жалғанады. Мысалы: *и - ию (иу емес), ки - кию (киу емес), қи - қию (қиу емес), жи - жию (жиу емес); ки - қияды (қиады емес), жи - жияды (жиады емес).*

§ 5. **у** әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) орыс тілінен енген түбір сөзде де, туынды сөзде де бірде жуан, бірде жіңішке естілетін дауысты **у** дыбысының, сондай-ақ **үу, үу** дыбыс тіркесінің және дауысты дыбыстан бұрын және кейін келетін үнді **у** дауыссыз дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы: *су, гүл, у, руда, университет, жуа, қуат, уыз, қалаулы, селеу, тіреу, түйреуіш, уақыт, уәде, дәулет, дәуір, шу-шуледі, шулады, гу-гуледі, тулады;*

ә) **ы, і** дыбыстарына бітетін етістіктерге тұйық райдың **-у** жұрнағы жалғанғанда, **ы, і** әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *оқы - оқу, тоқы - тоқу, жібі - жібу, ірі - іру, суы - суу;*

б) **у** дыбысына бітетін етістіктерге тұйық райдың **-у** жұрнағы жалғанғанда, оның түбірі өзгертілмей жазылады. Мысалы: *сау - сауу, бу - буу, ту - туу, қу - қуу, ау - ауу, жу - жуу.*

§ 6. **э, ё** (йо) әріптері орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *экономика, этика, эстетика, дуэт, эволюция, этнография, экспорт, электр, Пётр*.

Ескерту. Жазу тәжірибесінде **ё** (йо) таңбасының орнына көбінесе **е** әрпі қолданылады, бірақ сөзді **ё** (йо) дыбысымен айту қажет: *актёр* (айтылуы - *актиор*), *Петр* (айтылуы - *Пиотр*).

§ 7. **ю** әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) сөз құрамындағы дауысты дыбыстан кейін қосынды й+ү+у, й+ү+у дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: *аю, ою, үюлі, кею, көркею*;

ә) орыс тілінен енген сөздерде сөз басында және дауыссыз дыбыстан кейін де жазылады. Мысалы: *бюджет, полюс, люкс, адъютант*.

Ескерту. *Айуан, айуанат, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа, қиуаз* деген сөздер осында таңбаланғандай жазылады.

§ 8. **я** әрпі мынадай сөздерде жазылады:

а) сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін қосынды й+а дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: *яки, яғни, қоян, таяқ, ая, мая, сая, қия, мия, сия, қияқ, тұяқ, саяқ*;

ә) орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін де жазылады. Мысалы: *отряд, снаряд, аккумулятор*.

Дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуы

§ 9. **б, в, г, д** әріптері, негізінде, сөздің басында, ортасында және орыс тілінен енген сөздердің соңында да жазылады. Мысалы: *байқа, хабар, гүл, әдет, вагон, авиация, клуб, штаб, актив, пассив* (қаржы терминдері), *резерв, анклав, педагог, округ, наряд*.

§ 10. **ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, ш** әріптері сөздің басында да, ортасында да, соңында да жазылады. Мысалы: *жаз, жақсы, қажет, құж, лаж, заң, сазан, саз, қол, көңіл, қоғи, шағи, намыс, нан, самал, лақ, фабрика, икаф, альманах, хат, химия, цех, алхоры, рас, ру, рет, лас, лау, лек, көп, жаздым, келдім*.

§ 11. **ң** әрпі сөздің ортасында және соңында ғана, ал **ғ** әрпі сөздің басында және ортасында ғана жазылады. Мысалы: *жаңа, аң, таң, ғалым, аға, ағартушы*.

§ 12. **ф, ц, ч, щ** әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: *физика, кафе, кофе, ци, борщ, лифт, цифр, фонетика, очерк, центнер*.

Ескерту. **щ** әрпі қазақтың байырғы сөздерінен *ащы, тұщы, кеңе* деген сөздерде ғана жазылады, **ф** әрпі араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер мен бірен-саран жалпы есімдер және одағайларда жазылады. Мысалы: *Фазыл, Фәрида, Фәтима, Марфуға, саф* (алтын), *фәни* (дүние), *тіфу*.

§ 13. **й** әрпі қысаң **ы, і** дыбыстарынан басқа (*тый, сый* сөздерін қоспағанда) дауысты дыбыстардан кейін жазылады. Мысалы: *ой, ай, кей, құй, күй, әй, ой, магний, калий, санаторий, сценарий, комментарий, Маяковский*.

§ 14. **х** әрпі мынадай орындарда қолданылады:

а) орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: *химия, хлор, археология, бухгалтер, цех, хирург, зоотехник*;

ә) араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалпы, жалқы есімдерде жазылады. Мысалы: *хал, хат, халық, тарих, кітапхана, асхана* (ондай сөздердің тізімі емле сөздіктерінде беріледі); *Хамит, Ахмет, Халел*.

§ 15. Һ әрпі араб, парсы тілінен енген сөздерде дауысты аралығында және у дыбысы мен дауысты арасында, сондай-ақ одағайларда жазылады. Мысалы: *қаһарман, қаһарлы, ене, гауһар, уһ, аһылады, уһіледі*.

3. Ы, Ү белгілерінің қолданылуы

§ 16. Ы, Ү таңбалары орыс тілінен енген сөздерде айыру және жіңішкелік белгісі ретінде ғана жазылады. Мысалы: *сьезд, объект, субъект, альбом, асфальт, вексель*.

- ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 17. Сөз тіркесіндегі жеке сөздер естілуінше (айтылуынша) жазылмай, негізгі тұлғалары сақталып жазылады. Мысалы: *ала ат (алат емес), бара алмаймын (баралмаймын емес), көк орамал (көг орамал емес), ақ лақ (ақ лақ емес) барса игі еді (барсигеді емес) келсе игі еді (келсигеді, келсегеді емес), барып па екен (барыптекен емес)*

§ 18. Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы, негізінен, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады. Мысалы: *вагон, паровоз, гидрология, биология, комитет, агроном, агротехника, педагог, медицина, спорт, хирург, конституция, клуб, кино, радио, адвокат, планета, молекула, бюджет, банк, транш*.

Ескерту. сс, лл, кк, тт сияқты қосар әріппен келген кірме сөздердегі екі әріптің біреуі қосымша жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *прогресс - прогреске, металл- металдар, грамм - грамы, балл (база) - бес балдық жүйе, Донбасс - Донбастан*.

Ал орыс тілінен енген бірқатар кірме сөздер, әсіресе тұрмыс-салтқа қатысты зат, бұйым атаулары ерте кездерден дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады. Мысалы: *жәшік, бәтеңке, сіріңке, божы, бөкебай, бөшке, қалаш, шөген, кір (гиря), келі (кило), сот, болыс, облыс, зауыт, тауар* (бұл түркі тілдерінің өз сөзі). Соңғы дауысты дыбысын түсіріп қалыптасқан *газет, минут, гранат, цифр, координат* сияқты он шақты сөзден басқа кірме сөздерде соңғы *а* дыбысы түсірілмей қолданылады және солай жазылады: *оптика, кантата, капсула, тирада*.

§ 19. Араб, парсы тілдерінен енген сөздер, негізінен, қазақша дыбысталуы бойынша жазылады. Мысалы: *әділ, амал, пейіл, ақпар, әлем, мектеп, пән, кітап, бұқара*.

Кірме араб сөздерінің ішінде екі-үш түрлі мағынаны білдіру үшін тұлғасын сәл өзгертіп қалыптастырылғандары сол екі-үш вариантта жазылады. Мысалы: *үкімет және өкімет, хабар - ақпар, әрекет - қарекет, пейіл - пизыл, ақирет - ақырет (кебін), мәлімет - мағлұмат, қазына - қазине (қазинелі қара нар), қазір - әзір, қақы - ақы - құқы, хақ - ақ, гашық - асық, ғылым - ілім*.

Араб, парсы тілдерінен енген бірқатар кісі аттары әркімнің әртүрлі ат қоюына байланысты сол қалыптасқан күйінде жазылады. Мысалы: *Хасан*,

Хасен; Зәуре, Зура, Зухра; Бәтима, Фәтима, Пәтима; Қали, Ғали, Әли, Әлі; Жүсіп, Түсіп, Нүсіп; Омар, Ғұмар.

БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 20. Күрделі атаулардың (мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйым аттарының) әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *Қазақстан Республикасы, Мәдениет министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы.*

§ 21. Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты, құбылысты, ұғымды атап, алдыңғысы соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге, кімге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзге заттардан ажырататын белгілерін білдірсе, олар бөлек жазылады, мұндай күрделі тіркестердің алдыңғы сөзі анықтаушы, соңғысы анықталушы болып келеді. Мысалы: *ағаш күрек, сұрпы ет, ұл бала, қыз бала, мысық мұрт (жігіт), ала бұлт.*

Ескерту. Анықтаушы-анықталушы қатынастан ажырап, бір заттың атауы болып кеткен сөздер бірге жазылады: *беторамал, қолорамал, асқасық, шайқасық, кірсабын, иіссабын, ішкіім, ішкөйлек, кіреберіс, шыға- беріс, қолайна, қолара* т.б.

§ 22. Күрделі сан есімдердің, күрделі сын есімдердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *он бір, он сегіз, жиырма бір, жиырма сегіз, жүз он жеті, екі жүз жетпіс төрт, бір мың тоғыз жүз елу үш, төрт жарым, отыз екі жарым; қара ала, көк ала, қара көк, ақ сұр, құла қасқа, құла жирен, торы төбел, ақ шабдар.*

§ 23. Күрделі етістіктердің әрбір сөзі бөлек жазылады: Мысалы: *жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, жүгіріп ала жөнелді, бара алмады, бара алмай қалып еді, жығылып қала жаздап барып қалды.*

§ 24. Есім, еліктеуіш сөздер мен етістіктерден құралған күрделі сөздердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *қызмет ету, жұмыс қылу, жәрдем ету, шап ету, лап қою, тап беру, қол шапалақтау, ду ете түсу, баж ету.*

§ 25. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады. Мысалы: *таяқ жеді, бас тартты, бас бұрды, қол жалғады, қол ұшын берді.*

Ескерту. а) Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі -ты, (-ті, ды, -ді) қосымшалы өткен шақтағы етістік немесе -па (-пе, -ба, -бе) қосымшалы сөз болса, мұндай бейнелі тіркестер қосылып жазылады (олар сөздікте көрсетілді). Мысалы: *алыпқашина* (сөз), *жүрекжарды* (қуанышты хабар), *жолсоқты* (болу), *қағазбасты* (болу), *пышақкесті* (тыйылу), *бау- кеспе* (ұры);

е) о баста идиомалық, фразалық тіркестер болғанымен, терминдік, атауыштық мәнге ие болып бірігіп кеткен тұлғалар қосылып жазылады. Мысалы: *ақсақал, атқамінер, көзқарас, ақсүйек, ойтолғақ, ойтүрткі* (бұ- лар емле сөздіктерінде көрсетіледі);

б) әртүрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жеке сөзге айналған есімді тұрақты тіркестердің түбір қалпы да, қосымшалы түрі де бірге жазылады, мысалы: *ержүрек, ержүректік, ақниет, ақниеттік, дүние- қоңыз, дүниеқоңыздық, дүниеқоңыздану, ақкөңіл, ақкөңілдік, жанпида, жанпидалық, алақол, алақолдық* т.б.

БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 26. Тұлғасы өзгертіліп барып біріккен сөздер қосылып жазылады. Мысалы: *бүгін, биыл, қыстыгүні, күздігүні, жаздыгүні, алаңғасар, ашудас, белбеу, апар, әнер, түрегелді, ерғашты, жарғанат, алтатар, көгөніс, қыргүйек, шегара, көгала (мылжың), көгала (қойдай сабау).*

§ 27. *Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады. Мысалы: *әркім, әрбір, әрдайым, әрқашан, ешкім, ешбір, ешқандай, ештеңе, кейбір, қайбір, қайсыбір, бірдеңе, бірнеше, бірталай, біраз, бірсыпыра, біржолата, бірыңғай, біркелкі, бірқыдыру, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқандай, әлдеқашан, әртүрлі.*

Ескерту. Еш, әр, кей, бір, қай, әлде сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады. Мысалы: *еш адам, әр бала, қай үй, кей адам, бір жұмыс, әлде жылқы, әлде сиыр.*

§ 28. Екі түбірден құралып, ғылымның әр алуан (саяси-әлеуметтік, лингвистикалық, филологиялық, биологиялық, астрономиялық, физика-математикалық, химиялық т.б.) саласында терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы тұлғаларын сақтап, бірге жазылады. Мысалы: *баспасөз, өнеркәсіп, кәсіподақ, арасалмақ, арақатынас, келіссөз, көзқарас, еңбеккүн, ишкізат, көкжиек, кемпірқосақ, шоқжұлдыз, оттегі, сутегі, қостотық, үшбұрыш, сегізжақ, көпмүше, тозаңқан, гүлтабан, тамыржеміс, сүтқоректілер, оңқанаттылар, сөзжасам.*

§ 29. Екі, кейде үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылады. Мысалы: *қосаяқ, қарақұйрық ақбөкен, тасбақа, құрбақа, бірқазан, аққұтан, көкқұтан, аққу, қарақұс, есекмия, өгізшағала, жсаужұмыр, түйеқарын, шегіргүл, айдаршөп, қырықаяқ, қарақүйе.*

Ботаника, зоология терминдерінің ішінде мынадай жолмен жасалған күрделі атаулар біріккен сөз болып, сыңарлары қосылып жазылады:

- 1) бірінші сыңары *ақ, қара, сары, көк, қызыл, ала, боз* деген түс атауларымен келген аң-құс, өсімдік аттары және *қой, сиыр, түйе, бота, қозы, ат, қоян, аю, бөрі* немесе *ит, құм, су, бал, у, сор* деген жалпы атаулар мен жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан айырылған сөздер тіркесі болып келген терминдер қосылып жазылады: *алақоржын* (тышқан), *қарақанат, қарабай, ақиық* (құстар), *ақбілек, көкқасқа, көкнайза, қызылбас* (өсімдік атаулары), *ақкөз, қаракөз, алабұға* (балықтар), *қарақұйрық* (аң), *құмбетеге, субетеге, сиыржоңышқа, қойжусан,*

қойқарақат, бөріқарақат, аққайың, қотырқайың, итбүлдірген, укекіре, убидайық, балқарағай, балқоға;

Ескерту. *Ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар* сияқты сын есімдер аң- құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *ақ аю, қоңыр аю, сұр жылан, шұбар бақа.*

- 2) бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер немесе әртүрлі есім сөздер, екінші сыңары *ағаш, шөп, гүл, тікен, жапырақ, тамыр, құс, балық, тауық, құрт, жидек, жеміс* сияқты жалпы атаулар болып келетін тіркестер қосылып жазылады: *қараторғай, қараағаш, қарақұрт, қаражидек, қарабидай, қызылжидек, қызылбалық, сарышөп, сарыағаш, қарақүйе, қарақат, қоңыраушөп, сәлемшөп, тарақбалық, қылышбалық, күркетауық, түйетауық, қоянот, киікот, түймежапырақ, сужапырақ, сүтжапырақ, әректікен.*

§ 30. Екі түбірден құралып, терминге айналған техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт т.б. салаларға қатысты зат, құрал- жабдық, ұғым атаулары мен әр алуан мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары бірігіп жазылады. Мысалы: *шаңсорғыш, еттартқыш, бесатар, өнертапқыш, жанкүйер, бессайыс; ақсүйек, қосқұлақ, соқыртеке, балтамтап* (ойын аттары); *беташар, тоқымқазар, ақсарбас* (ырым, дәстүр атаулары), *тоғызқұмалақ, асатаяқ, алыпсатар.*

§ 31. Екінші сыңары *аралық, тану, тас, таным, жай, хат, қағаз, ішілік, сымақ* деген сөздер және бірінші сыңары *әсіре, көп* сөздерімен келетін қазақ сөздері, сондай-ақ бірінші сыңары *фото, электр, радио, авто, авиа, аэро, кино, гидро, агро, транс, инфра, ультра, изо, гипер*, ал екінші сыңары қазақ сөздері болып келген тіркестер бірге жазылады. Мысалы: *халықаралық, ауданаралық, континентаралық; жаратылыстану, шығыстану, абайтану; тілтаным, дүниетаным, жартас, қойтас, жылыжай, саяжай, мекенжай, ашықхат, қолхат, ауруханааралық, рұқсатқағаз, тұсқағаз, шешенсымақ, фотосурет, электрұстара, радиоқабылдағыш, автоқалам, аэрошана, киноқондырғы, агрошаралар, инфрақызыл, ультракүлгін, изосызық, гипержазықтық, әсіресолшыл, әсірепатриот, әсіреқызыл; көпбалалы, көпдінді, көпүнділік, көпұлтты.*

Ескерту. Бірігіп жазылуы дәстүрге айналған *дүниежүзілік, бүкіл-одақтық, бүкілхалықтық, қиыршығыстық, ортаазиялық* сияқты сын есімдер осы түрінде жазылады (олар сөздікте беріледі).

§ 32. Екі кейде үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар, негізінен, түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы: *Досжан, Өтепберген, Әбдіманап, Мергенбай, Қартбай, Талдықорған, Жезқазған, Екібастұз, Қызылжарқұдық, Ақтүйесай, Ақдаласор.*

Алдыңғы сыңары дауысты дыбысқа аяқталып, екіншісі дауыстыдан басталатын, негізінен, кісі есімдеріндегі қатар келетін екі дауыстының бірі (алғашқысы) түсіріліп жазылады. *Қожа+Ахмет Қожахмет, Торы+айғыр - Торайғыр, Мырза+әлі — Мырзәлі* (немесе *Мырзалы*).

Ескерту. а) Адам аттарының ішінде *бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, гали)* сияқты сөздермен жасалған есімдердің сыңарлары да әрдайым бірігіп жазылады: *Мырзалы, Тұрсынзада, Әбдуәлі (Әбдуәли), Құлмұхамбет,*

Бекмұхамбет; соңғы кездерде байқалғандай жалқы есімдердің сыңарларын ажыратып жазу (*Мырза Әлі, Бек Мұхамбет*) тәжірибесі сәтті емес.

Ұлы, қызы сөздері фамилияны және әкесінің атын білдіретін сөздермен тіркескенде, жалқы есімге қосылып жазылады. Мысалы: *Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Сара Сәтбақызы Есова*;

ә) екі түбірден құралған бірқатар кісі аттары түбір тұлғалары өзгеріп біріккен түрінде жазылады. Мысалы: *Дәметкен, Ұлмекен, Ұлбосын (Дәмееткен, Ұлмаекен, Ұлболсын емес)*;

б) екінші сыңары қ, к дыбыстарынан басталатын кейбір кісі аттары екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай да жазылады: алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөз де қатаң қ, к әріптерімен жазылады. Мысалы: *Күсенқали, Қоскелді, Айткелді, Айтқожа, Сейітқұл, Аққыз*; алдыңғы түбір дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дыбыстарға аяқталғанда, келесі түбірдің басқы дыбыстары ұяндап, ғ, г болып айтылса, ғ, г әріптері жазылады. Мысалы: *Амангелді, Нұргелді, Төрегелді, Нұргиса, Нұрғожа, Есенгүл, Қарагөз, Ботагөз, Айғыз*. Ал қатаң түрде айтылса, қ, к әріптері жазылады. Мысалы: *Әбілқайыр, Әбдіқадыр, Әбілқасым, Қаламқас, Бибікамал, Шәмшіқамар*;

в) қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, олардың не алдынан, не ортасынан ы, і әріптерінің бірі жазылады. Мысалы: *Ысқақ (Сқақ емес), Ысқақбай (Сқақбай емес), Сымахан (Смахан емес), Ырза (Рза емес), Ырзабай (Рзабай емес), Рысалды (Рсалды емес)*;

г) аттас жерлерді бір-бірінен ажырату үшін алдарынан қолданылатын анықтауыш есімдер бас әріптен басталып, бөлек жазылады. Мысалы: *Кіші Азия, Орта Азия, Орталық Азия, Үлкен Қарой, Кіші Қарой*.

V. ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 33. Қос сөздердің барлық түрі дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *дүркін-дүркін, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, аяқ-табақ, қып-қызыл, қолма-қол, көзбе-көз, қолды-қолына, жалт-жұлт, өзінен-өзі, қараптан-қарап, некен-саяқ, жөн-жосық, саяси-бұқаралық*.

Араларына да, (де, та, те)шылауын салып, етістіктің бұйрық рай тұлғаларынан жасалған сипаттама тіркестер қос сөздер сияқты дефиспен жазылады, шылау сөз бірінші сыңарға (сөзге) қосылып беріледі: *уда-илу (айғай), аста-төк (байлық), ұрда-жық (мінез), келде-кет (немесе кел-кет болып отыру)*.

ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 34. Қосымшалар сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай буын үндестігі бойынша я жуан, я жіңішке болып жазылады. Мысалы: *жұмыс-шы-лар-дың, инсти-тут-тар, пле-нум-да, бюлле-тенъ-дер, мұға-лім-ге, по-ляк-тар*.

Ескерту. Күнә, кінә, шүбә, куә, іңкәр, күмән, Күләш, Күләй, Мүтән сияқты соңғы буынында жіңішке *ә* әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады, тек барыс, жатыс, шығыс жалғаулары мен етістік тудыратын *-ла* жұрнағы жуан айтылып, жуан жалғанады. Мысалы: *күнәсіз, күнәлі* (бірақ *кінәға, кінәдан, кінәсіна, күнәлау*), *шүбәсіз, шүбәлі* (бірақ *шүбәлану, шүбәға, шүбәсінан*), *куәсі, куәлік* (бірақ *куәға, куәдан, куәда*), *күмәнсіз* (бірақ *күмәндану, күмәнға, күмәнінан*), *Күләштің* (бірақ *Күләшқа*).

§ 35. Соңғы дыбыстары **рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль** сияқты дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке түрде жалғанады. Бұлар *к, г* дыбыстарының және жіңішкелік белгісімен келген *р, л* дыбыстарының жіңішке айтылуына байланысты. Мысалы: *парктен, паркке, паркі, митингілер, митингіге, фактіге, фактісі, полкке, полктер, полкі, ансамбльге, ансамблі*.

Ескерту. Жіңішкелік белгісіне аяқталған бір буынды сөздер мен соңғы буынында *ё, э* дыбыстары бар сөздерге қосымша әрдайым жіңішке жалғанады. Мысалы: *тюльдер, тюлі, Пётрдің, Пётрге, актёрге, актёрлер, дуэттер, дуэті*.

§ 36. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы да қатаң, ал сөздің соңғы дыбысы ұяң *я* үнді болса, қосымшаның басқы дыбысы да ұяң *я* үнді болып жалғанады. Мысалы: *астық-ты, астық-тан, табыс-пен, айт-тыр, трактор-лар, қағаз-дар, мал-мен, киім-мен, ауыз-бен*.

Ескерту. *б, в, г, д* әріптеріне бітетін сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады. Мысалы: *штаб-тан, клуб-қа, парад-тан, парад-қа, актив-ке, пассив-тен, резерв-тік, педагог-тер, геолог-тер, геолог-ке, Ашгабад-қа, Мадрид-тен*.

§ 37. Сөздің соңғы дыбысы *с* немесе *з* болып, оған *с, ш* дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбысы өзгертілмей жазылады. Мысалы: *ауызша* (*ауышша* емес), *жұмысшы* (*жұмышшы* емес), *басшы* (*башшы* емес), *сөзсіз* (*сөссіз* емес), *жазсын* (*жассын* емес), *көзсіз* (*көссіз* емес).

§ 38. Сөздің соңғы дыбысы **н** болып, оған **ғ, г, б** дыбыстарының бірінен басталатын қосымша жалғанғанда, алдыңғы дыбыс өзгертілмей жазылады. Мысалы: *күнге* (*күңге* емес), *жанбайды* (*жамбайды* емес), *жанға* (*жаңға* емес).

§ 39. *-ов, -ев* жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады. Мысалы: *Әділбаевқа* (соңғы буын - *бай* - жуан), *Әділбековке* (соңғы буын - *бе-к*), *Жүсіповтің* (соңғы буын - *сі-п*).

§ 40. Қосымшалар дауысты дыбыстан басталғанда, түбірдің соңындағы *к, к, п* дыбыстары ұяңдап, **ғ, г, б** (немесе *у*) болып өзгерген түрінде жазылады. Мысалы: *тарақ - тарағы, тайлақ - тайлағы, қызық - қызығы, жүрек - жүрегі, тік - тігеді, кітап - кітабы, жап - жауып - жабады; тап- тауып - табады, кеп - кеуіп - кебеді*. Бірақ *қазақы* (ат), *қалмақы* (ер), *сап - сапы* (еңбек сапында) сияқты бірер сөздердің түбірі сақталып жазылады.

Ескерту. а) Соңғы буынында *ы, і* дыбыстары бар кейбір сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, *ы, і* дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *орын+ы - орны, құлық+ы - құлқы, әріп+і - әрпі, ерін+і - ерні, көрік+і - көркі, халық+ы - халқы, ойын+а - ойна, үрік+ек - үркек* (мұндай сөздер емле сөздіктерінде толық көрсетіледі);

ә) *ауыл, дауыс* сияқты бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, айтылу (дыбысталу) ыңғайына қарай соңғы буындағы *ы, і* әріптері түсіріліп те, түсірілмей де жазыла береді (олар емле сөздіктерінде *және* деген белгімен қатар беріледі);

б) *п, х* дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, *п, х* дыбыстары ұяндамайды: *принцип - принципі, тип - типі, окоп - окопы, цех - цехы, альманах - альманахы; тарих - тарихы.*

§ 41. *нд, мп, кт, нк, мб, ск, фт* сияқты дыбыстар тіркесіне бітетін сөздерге қосымшалар *ы, і* дәнекері арқылы қосылады. Мысалы: *штамп - штамп-ы-лау; факт - факт-і-ге; митинг - митинг-і-ге; объект- объект-і-лер, объект-і-ге; ромб - ромб-ы-ның.*

§ 42. *ст, сть, зд* дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады. Мысалы: *трест - трес-тің, трес-іне; ведомость- ведомос-қа, ведомос-ы; съезд- съез-ге, съез-і-нің; социалист - социалиске, социалистік.*

§ 43. Бас әріптерден қысқарған сөздер тек қана дауыссыз дыбыстардан тұрса, оларға қосымшалар соңғы әрпінің жуан *я* жіңішке айтылуына қарай үндесіп, *я* жуан, *я* жіңішке болып жалғанып, дефис арқылы жазылады. Мысалы: *ТМД-ға, АҚШ-қа.* Ал араларында немесе соңында дауысты дыбыс әріптері тұрса, қосымша сол дыбысқа үндесіп, жуан не жіңішке болып дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *ЮНЕСКО-ның, НАТО-ға, БҰҰ-ның.*

§ 44. Тырнақшаға алынған сөздерге жалғанатын қосымшалар тырнақшаның ішіне жазылады. Мысалы: *Ол өлең «Қазақ әдебиетінде» басылды. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігін» қазақ тілінде де, орыс тілінде де оқыдық.*

ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 45. Шылау сөздер төмендегіше жазылады:

а) шылаулар, негізінде, бөлек жазылады. Мысалы: *сабақтан кейін, жиналысқа дейін; қағаз да, қарындаш та; қалам мен сия; аз ба, көп пе?*

ә) *ақ, ау, ай, мыс, міс, ды, ді,* шылаулары өздерінен бұрынғы сөздерден дефис (-) арқылы бөлініп жазылады. Мысалы: *сен-ақ, келмейді-ау, әдемісін- ай, барыпты-мыс, шамалы-ақ, көретін-ді, қой- ақ қой;*

б) *ма (ме, ба, бе, па, пе)* сұраулық шылауы түбір мен қосымша арасында қолданылғанда *мы, мі, бы, бі, ны, ні* болып өзгерген қалпында бірігіп жазылады. Мысалы: *келемісің? айтыптысың? Сұлтанбысың?*

БАС ӘРІПТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

§ 46. Нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, көбінесе, өлеңнің әрбір жолы бас әріптен басталып жазылады.

§ 47. Жалқы есімдер (кісі аттары, географиялық атаулар, кәсіп-орындардың аттары, кітап, журнал, шығарма, мереке, мекеме, ұйым аттары т.б.) бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: *Абай Құнанбаев, Максим Горький, Балқазғи, Алматы, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы, Наурыз мейрамы, Мәдениет министрлігі, Ғылыми комитет Тіл білімі институты.*

§ 48. Күрделі есімдерден құралған мынадай атаулардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады.

а) Ең жоғарғы мемлекеттік қызмет аттары мен құрметті атақтар: *Қазақстан Республикасы Президенті, Халық Қаһарманы;*

ә) мемлекеттердің, республикалардың, жоғарғы мекемелер мен ұйым-дардың күрделі атауларының әр сөзі бас әріппен жазылады: *Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы.*

Ескерту. Әртүрлі мекемелердің, білім-ғылым орындарының, партиялардың, ұйымдардың, бірлестіктердің, қорлардың т.б. күрделі атауларының бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады: *Сыртқы істер министрлігі, Ғылым академиясы, Тіл білімі институты, Ұлттық банк қоры.*

§ 49. Бірінші әріптерден қысқарған мемлекет, үлкен халықаралық ұйым т.б. күрделі атауындағы әрбір сөздің бірінші әрпі бас әріппен жазылады. Мысалы: *ТМД* (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) *ҚР* (Қазақстан Республикасы), *БҰҰ* (Біріккен Ұлттар Ұйымы), *ҚХР* (Қытай Халық Республикасы).

Ескерту. Әріптерден қысқарған сөздердің бірқатары өзге тілдердегі тұлғасымен қолданылады: *НАТО, ЮНЕСКО, ГУЛАГ, УАЗ* (автомәшенасы).

Алғашқы сөздің басқы буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздердің қысқарған буынының алғашқы әрпі бас әріппен, қалған әріптері кіші әріппен жазылады. Мысалы: *ҚазТАГ— Қазақ телеграф агенттігі, ҚазҰУ - Қазақ Ұлттық университеті.*

СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

§ 50. Жазып келе жатқанда, жолға сыймаған сөз буын жігіне қарай тасымалданады. Мысалы: *ала-қан, ор-на-лас-ты-ру.*

§ 51. Екі дауысты дыбыстың ортасында келген й мен у дыбыстары бар сөздерді буындағанда, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: *да-уыс* (*дау-ыс* емес), *са-уат* (*сау-ат* емес), *да-йындық* (*дай-ындық* емес), *құ-йын* (*құй-ын* емес). Ал *уу, үу, ый, ій* дыбыстар тіркесінің орнына жазылған *у, и* әріптері бар сөздер тасымалданғанда, тасымал жігі дауысты әріптен басталады және солай тасымалданады. Мысалы: *бу-ын, су-ық, қу-а-қы, қи-ын, ти-ын, жи-ын* (тасымалданудың бұл түрі

қазақ сөздері буындалуының табиғатына қарай емес, қос дыбысты и, у деген жалаң таңбалармен жазуға байланысты қолданылатын шартты ереже).

Ескерту. Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, алдыңғы жолда екі дауыссызды қалдырып, келесі жолға үшінші дауыссыз дыбыс әрпін шығарып тасымалдау керек. Мысалы: *құмырс-қа* (*құмыр-сқа* емес), *күңгірт-теу* (*күңгір-ттеу* емес), *жаңғырт-ты* (*жаңғы-ртты* емес).

§ 52. Жазып келе жатқанда жолға сыймаса, мынадай орындарда тасымал жасауға болмайды:

а) екі, үш не одан да көп әріптерден құралған бір буынды сөздер жеке тұрғанда тасымалданбайды. Мысалы: *ай, күн, вольт, кварц, пункт;*

ә) сөздің жеке әрпін сол жолдың өзінде қалдыруға да, келесі жолға тасымалдауға да болмайды. Мысалы: *ара* (*а-ра, ар-а* емес), *аяқ* (*а-яқ* емес), *алақан* (*а-лақан* емес);

б) бас әріптен қысқарған сөздерді бөліп тасымалдауға болмайды. Мысалы: *БҰҰ* (*Б- ҰҰ немесе БҰ-Ұ* емес);

в) кісі атының қысқартылып алынған әрпін (инициалдарын) фамилиядан айырып, сол жолда қалдырмаған да, екінші жолға көшірмеген де дұрыс: *А.С.Пушкин, Л. Н. Толстой, М. О. Әуезов;*

г) цифр арқылы таңбаланатын сандарды оларға қатысты қысқарған атауларынан бөлмей тасымалдаған жөн. Мысалы: *25 га* (*25-га* емес), *50 см* (*50-см* емес), *50%* (*50-%* емес).